

**"Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясының шет елдердегі өкілдіктері қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 шілде 1994 ж. N 776. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық авиакомпаниясының шет елдердегі өкілдіктері туралы" 1994 жылғы 29 сәуірдегі N 440 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан әуе жолы" авиакомпаниясының шет елдердегі өкілдіктері қызметкерлерінің шетел валютасымен төленетін лауазымдық жалақылар схемасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Өкілдіктер қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары сауда өкілдіктерінің шетелдік валютамен төленетін жалақыларына сүйеніп бекітілсін.

3. Осы қаулы 1994 жылғы 1 шілдеден күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 11 шілдедегі  
N 776 қаулысына

Қосымша

"Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік  
авиакомпаниясының шет елдердегі өкілдіктері  
қызметкерлерінің шетел валютасымен төленетін  
лауазымдық жалақыларының  
С х е м а с ы

Лауазым атауы

! Шет ел валютасымен төленетін  
! лауазымдық жалақылар деңгейі  
! (Сауда өкілдіктері жалақыла-  
! рының процентімен)

"Қазақстан әуе жолы" компаниясы	аймақтық	
өкілдіктерінің Бас директоры	93	
"Қазақстан әуе жолы" компаниясы	бас	
өкілдіктерінің директоры	90	
Өкілдіктер директоры		85
Бухгалтер-кассир, бухгалтер	69	
Аға диспетчер (авиабилеттер сату мен брондау бойынша)	57	
Диспетчер (жолаушылар, жүк тасымалдау жөнінде авиабилеттер сату мен брондау бойынша)	52	
Авиатехник	59	
Механик-жүргізуші	45	
Іс жүргізуші-машинка басушы	40	

Ескерту: 1. Директор көмекшісінің лауазымдық жалақысы тиісінше директор жалақысының 80 проценті мөлшерінде белгіленеді.

2. Осы схемада көзделмеген кейбір лауазымдар бойынша лауазымдық жалақылар Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 25 ақпандағы N 154 қаулысында көрсетілген сауда өкілдіктері қызметкерлерінің лауазымына және лауазымдық жалақыларына сәйкес белгіленсін.